



БҰЙРЫҚ

18.09.2024 № 184
Астрахан ауылы

ПРИКАЗ

село Астраханка

[]

2024-2025 оқу жылында Ақмола облысының Астрахан ауданы бойынша білім ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің 2024 жылғы 28 наурыздағы №69 «2024 жылы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістігіне мониторинг жүргізу туралы» бұйрығы, Ақмола облысы білім басқармасының ББЖМ өткізу бойынша №129 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында 4 және 9 сынып білім алушылардың арасында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан БЖМ) өткізу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілсін.

2. Мектеп директорлары білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг өткізу кезеңінде мыналарды:

3. ББЖМ-ға дайындықты үздіксіз, жүйелі, сапалы ұйымдастырсын.

4. ББЖМ өткізу кезеңінде білім алушылар үшін қауіпсіз жағдайларды ұйымдастыруды; психологиялық ахуалды болдырмау, жас ерекшелігіне сай тапсырмалар қорын жасақтау, қосымша дайындық кестесін жасақтауды назарға алсын.

5. ББЖМ ұйымдастыру кезінде білім алушылардың деректер қорын жасау, аудиториялық қорын қалыптастыру, тестілеу кезінде электрмен жабдықтауды, телекоммуникациялық желіні, компьютерлік техниканы үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

6. ББЖМ бойынша педагогтер үшін оқыту, тәжірибе алмасу, білімдерін жетілдіру мақсатында нақты жоспар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылсын.

7. ББЖМ өткізу уақытында мектептердің техникалық талаптарын сақтауын қадағалау жауапкершілігі әдістемелік кабинет әдіскері Т.Д.Бұғыбайға жүктелсін.

8. ББЖМ өткізу уақытында құжаттар, есептіліктерді жүргізу әдістемелік кабинет әдіскері Н.Б. Садуахасоваға жүктелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинеті меңгерушісі К.С. Атишевқа жүктелсін.

Басшы



П.Барахоева